



БҰЙРЫҚ

26.09.2023 № 115

Орал қ.

П Р И К А З

№ _____

г. Уральск

**«Шағын жинақты мектептің үздік педагогі»
облыстық байқауын өткізу туралы**

Білім беруді дамыту орталығының 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес және шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің үздік педагогикалық тәжірибесін анықтау, жалпылау және тарату мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

2023 жылдың 16-17 қараша күндері «Шағын жинақты мектептің үздік педагогі» облыстық байқауы өткізілсін.

1. Байқаудың ережесі, ұйымдастыру комитетінің құрамы, қазылар алқасының құрамы, шығындар сметасы бекітілсін (1,2,3,4 қосымшалар).
2. Аудандық (қалалық) білім бөлімінің басшыларына:
 - байқаудың аудандық (қалалық) кезеңін 2023 жылдың 31 қазанға дейін өткізсін;
 - 2023 жылдың 3 қарашасына қатысушылар туралы мәліметті және байқауға ұсынылатын құжаттарды жолдасын.
3. Мониторинг, ұйымдастыру және талдау бөлімі (А.Бексултанова)
 - байқаудың бекітілген ережесі бойынша ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының келуін, сапалы жұмыс жасауын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың орынбасары С.Алимбаеваға жүктелсін.

Директор

Г.Кубашева

**«Шағын жинақты мектептің үздік педагогі»
облыстық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Шағын жинақты мектептің үздік педагогі» облыстық байқауының (бұдан әрі — Байқау) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, өткізу шарттарын, оның қатысушыларына қойылатын талаптарды, бағалау өлшемдерін, қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Байқау БҚО Білім беруді дамыту орталығының 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің үздік педагогикалық тәжірибесін анықтау, жалпылау және тарату.

2.2. Міндеттері:

- білім беру сапасын арттыру міндеттерін табысты шешетін, шығармашылық жұмыс атқаратын шағын жинақты мектеп педагогтерін анықтау және қолдау;
- педагогтердің шығармашылық бастамаларын дамыту және инновациялық қызметке ынталандыру.

3. Байқауды ұйымдастырушылар, өткізу мерзімі мен шарттары

3.1. Байқауды ұйымдастырушылар-Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығы, аудандық (қалалық) білім бөлімдері.

3.2. Байқау 2023 жылдың қазан-қараша айларында өткізіледі.

3.3. Байқауға кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар шағын жинақты мектептің педагогтері (кітапханашы, әлеуметтік педагог, педагог-психологтарды қоспағанда) қатысады.

3.4. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

I кезең - аудандық (қалалық) (*ағымдағы жылы, қазан айында*);

II кезең – облыстық (*ағымдағы жылы, қараша айында*).

3.5. Байқаудың I кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаздар II (облыстық) кезеңге жіберіледі.

3.6. Облыстық байқауға аудандық (қалалық) білім бөлімі келесі құжаттарды diso.metodkab@mail.ru электронды поштасына жіберуі қажет:

- аудандық (қалалық) білім бөлімінің облыстық байқауға қатысуға **сұранысы**;
- қатысушының **сауалнамасы (қосымша 2)**;

- I кезең қорытындысы бойынша аудандық (қалалық) білім беру бөлімінің **хаттамасы** (сканерленген көшірмесі).

Байқау материалдары «ШЖМ Үздік педагогі» байқауы белгісімен 2023 жылдың 3 қарашасына дейін diso.metodkab@mail.ru электронды поштасына жіберілуі керек.

Анықтамалар **87054330974/ 87776717423** байланыс телефондары арқылы беріледі.

Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қабылданбайды.

4. Байқаудың өткізілу уақыты мен тәртібі

4.1. I-ші кезең – аудандық (қалалық) 2023 жылдың 2 қазаны мен 31 қазан аралығында өткізіледі. Байқаудың облыстық кезеңіне аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінен (ауданнан (қаладан) 1 жеңімпаз жіберіледі;

4.2. II-ші кезең - облыстық 2023 жылдың 16-17 қарашасы күні өткізіледі (өтетін орны қосымша хабарланады).

4.3. Байқаудың II кезеңі екі турда өткізіледі:

- бірінші тур **«Педагогтің шеберлік сағаты»** ағымдағы жылдың 16 қараша күні өтеді. (Қатысушы педагог пәні бойынша қалалық білім беру ұйымының бірінде сабақ береді. Сабақ кестесі, сыныбы, тақырыптары белгіленеді);

- екінші тур 17 қараша күні өтеді:

1. **«Педагог визиткасы»** (таныстырылымы 3-5 минуттан аспауы керек. Бағалау критерийлері: көшбасшылық қабілеті, ұстанымы, сөз сөйлеу бірегейлігі, шығармашылық қабілеті).

2. **«Педагогикалық дебют»** (Педагог әдістемелік тақырыбы бойынша жоба қорғайды. Критерийлері: жоба тақырыбының өзектілігі, мақсаты, күтілетін нәтижесі, ойлау креативтілігі, жетістіктері).

3. **«Сұрақ-жауап» рубрикасы** (Педагог номативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік нұсқаулықтар бойынша берілген сұрақтарға жауап береді).

4.4. Бағалау үшін басшылардың бұйрығымен аудан, қала, облыс деңгейінде комиссия құрылады.

4.5. Өңірлік комиссия аудандық (қалалық) білім бөлімінің, облыстық білім басқармасы, әдістемелік қызмет қызметкерлері, педагог-шеберлер, педагог-зерттеушілер, педагогикалық шеберліктің кәсіби байқауларының жеңімпаздары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

4.6. Комиссия байқауға қатысушылардың ұсынған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды және бағалайды.

4.7. Байқау нәтижелері қатысушылардың жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес балдық жүйе бойынша бағаланады.

5. Байқау қатысушысына қойылатын талаптар

5.1. Байқауға кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар шағын жинақты мектептің педагогтері (кітапханашы, әлеуметтік педагог, педагог-психологтарды қоспағанда) қатысады.

5.2. Байқауға ұсынылған материалдар рецензияланбайды және

қайтарылмайды.

6. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

6.1. «Шағын жинақты мектептің үздік педагогі» облыстық байқаудың қорытындысы бойынша мынадай жүлделі орындар белгіленеді:

- I орын;
- II орын;
- III орын.

Номинациялары:

- Искер педагог;
- Креативті педагог;
- Жаңашыл педагог.

6.2. Байқаудың жеңімпаздарына тамыз кеңесі жұмыстарының шеңберіндегі ШЖМ педагогтерінің секциясында өз қызметін таныстыруға мүмкіндік беріледі.

6.3. Байқау қорытындылары мен жеңімпаздардың байқауға ұсынған материалдары Білім беруді дамыту орталығының <http://zkobbdo.kz/ru/> сайтында орналастырылады және әлеуметтік желілерде жарияланады.

Анықтама үшін телефон: 87054330974